

# **«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ жатақханаларында санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтау туралы ЖАДНАМА**

**Жатақханаларда тұратын білім алушылар міндетті:**

- 1) Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасын, жатақханалардағы ішкі тәртіп ережелерін, қауіпсіздік техникасын, өرت қауіпсіздігін, электр аспаптарын пайдалану ережелерін, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелерін қатаң сақтауға, сондай-ақ университетпен жасалған жатақханада тұру туралы шарттың талаптарын орындауға;
- 2) жатақхананың үй-жайларына, құрал-жабдықтарына ұқыпты қарауға, университетпен жасалған шарттың талаптарына сәйкес оған жеке пайдалануға берілген мұлік үшін материалдық жауаптылықта болуға;
- 3) тұрғын бөлмелерде, сондай-ақ жалпы пайдаланылатын орындарда (оқу және акт залдарында, дәлізде, санитарлық торапта және душ бөлмелерінде) тазалықты сақтауға, іргелес аумақтың санитарлық жағдайын сақтауға;
- 4) тұрғын бөлмелерде белгіленген кезекшілік кестесі бойынша жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдалана отырып, күн сайын ылғалды жинауды өз бетінше жүзеге асыруға;
- 5) тамақ қалдықтары мен тұрмыстық қоқыстарды күн сайын және уақтылы қоқыс жәшіктеріне шығаруға;
- 6) дератизацияция және дезинсекция жүргізу уақытында тұрғын үй-жайларды дайындауға және босатуға;
- 7) жалпыға ортақ пайдаланылатын орындардағы электр розеткалары мен электр аспаптары немесе коммуникациялар ақаулы болған жағдайда олар туралы жатақхана менгерушісіне дереу хабарлауға;
- 8) үй-жайдан (бөлмеден) шыққан кезде терезелер мен есіктерді жауып, барлық электр құрылғыларын, шамдарды өшіріп, суық/ыстық су шүмектерінің жабылғанына көз жеткізуге;
- 9) ластануына қарай, бірақ аптасына кемінде бір рет төсек-орын жабдықтарын (көрпе жамылғысы, жайма, жастық тысы) ауыстыруға; жеке гигиена ережелерін сақтауға;
- 10) басқа тұрғындардың денсаулығына қауіп тәндіретін аурулар анықталған жағдайда медициналық пунктіге хабарласыңыз немесе 103 телефоны бойынша жедел медициналық көмек шақырыңыз және басшылықта хабарлаңыз. Жатақханада тұратын жүқпалы аурулар тіркелген жағдайда дәрігерлердің ұсынысы негізінде олардың келісімімен уақытша изоляторларға көшіріледі;
- 11) тұрғындар жатақханада көзделген ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны және сақтамағаны үшін университет белгілеген тәртіппен қоғамдық, әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануы, Қазақстан Республикасының заңнамасына және университеттің жергілікті актілеріне сәйкес тәртіптік және өзге де жаза тұрларі қолданылуы мүмкін.

